

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ

«Бекітемін»  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Ғылыми  
Кеңесінің отырысы  
Ғылыми Кеңес төрағасы/  
Ректор *Т.О. Балыкбаев*  
Хаттама № *4* «*28*» *08* 2017

## ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Мамандық 6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

2017/2018 оқу жылы

Авторлары: Елькеева А.Б. – п.ғ.к., доцент  
Метербаева К.М.- п.ғ.к., доцент

Алматы

## КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

### ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

Мамандық 6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

Академиялық дәрежесі: PhD білім докторы

3 жылдық, күндізгі бөлім

Түсу жылы: 2017

№ п/п	Пәннің атауы	Пәннің мақсаты және қысқаша мазмұны	Негізгі бөлімдер	Кр. саны	С. е. м.	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелері (білім алушылардың білімі, біліктілігі, дағдысы және құзыреттіліктері)
<b>1 курс</b>								
1	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жобалау	<p>Ғылым — адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында Ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналды.</p> <p><b>Пәннің мақсаты:</b> Ғылым зандарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен процесін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру.</p> <p><b>Пәннің міндеттері:</b> педагогикалық ғылыми-зерттеу саласын дағы ғылыми еңбектерді талдау және зерделеуді; ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарламаларын дербес құрастыра білу, түсіндіру, қорытындылау, рәсімдеу</p>	<p>1.Ғылыми білім танымдық іс - әрекеттің нәтижесі ретінде.</p> <p>2.Педагогикалы зерттеу әдіснамасының ерекшеліктері.</p> <p>3.Зерттеудің ғылыми аппараты және оның теориялық мәселелерді шешудегі ролі</p>	2	2	<p>Ғылым философиясы мен тарихы</p> <p>Жоғары мектеп педагогикасы</p>	<p>Педагогикалық практика</p> <p>Ғылыми зерттеу практикасы</p> <p>Докторлық диссертацияны орындау</p>	<p>Пәнді оқу нәтижесінде докторант <b>білуі тиіс:</b> педагогикалық зерттеу және оның ғылыми аппаратының жүйелілік құрылымын; зерттеудің жалпы ғылыми және психологиялық педагогикалық әдістерін; эксперименттің орындалу тәртібі және негізгі сипаттамасын. <b>Меңгеру керек:</b> ғылыми зерттеу жұмысын талдаудағы ептілік, ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарлама ларын дербес құрастыра білу, түсіндіру, қорытындылау, рәсімдеу және зерттеу нәтижесін.</p> <p><b>Құзыреттіліктер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-педагогикалық ғылыми-зерттеу саласын дағы ғылыми еңбектерді талдау және зерделеуге қабілетті;</li> <li>-өзінің ғылыми тұлғалық жетілу жолдарын белгілеп, кәсіби даму бағдарламасын жасап практикада қолдана білуге қабілетті.</li> </ul>

		және зерттеу нәтижесін шығаруға көмектесу.						
2	Мектепке дейінгі ұйымдардағы жобалау технологиялары	Жобалау технологиясы – бұл білім беру мазмұнының кез келген бағыты бойынша іздеу, зерттеу, практикалық тапсырмаларын шешу үшін белгілі бір жоспарлар, белгілі бір мақсаттары бар мақсаттылық іс-әрекет. <b>Пәннің мақсаты:</b> Мектепке дейінгі ұйымдарда жобалау технологияларын қолданудың тиімділігін қарастырады. <b>Пәннің міндеттері:</b> жобалау технологиясы іс-әрекет негізінде ересектер мен балалардың белгілі бір практикалық проблеманы бірлесе жұмыс істеу үдерісінде қол жеткізілетін іс-әрекеттің нәтижеге бағыттылығын (оның барысында бала өзі үшін көптеген жаңа және бұрын білмегенді ашады) меңгеруге ықпал ету;	Мектепке дейінгі ұйымдардағы жобалау технологиялары пәнінің мақсаты мен міндеттері. Жобалау технологияларының мазмұны. Жобалау технологияларының кезеңдері мен ұстанымдары.	2	2	Ғылым философиясы мен тарихы  Жоғары мектеп педагогикасы	Педагогикалық практика  Ғылыми зерттеу практикасы  Докторлық диссертацияны орындау	Пәнді оқу нәтижесінде докторант <b>білуі тиіс:</b> Ересектердің жобалық іс-әрекетін сатылай ынталандыру баланың ұжымда жұмыс істеу қабілеті мен өзінің темпераментін, мінез-құлқын ортақ істің мүдделеріне бағындыруды. <b>Меңгеруі керек:</b> шығармашылық жанжалдарды шешуді, келісімділікке қол жеткізуді, іс-әрекет қатысушыларына көмек көрсетуді. <b>Құзыреттіліктер:</b> әрқайсысының іс-әрекетін бағалау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беруге қабілетті.
3	Мектепке дейінгі білім беру маманының технологиялық құзыреттілігі	Әлемдік педагогикалық ғылым мен ҚР құзыреттілік амалдардың даму тарихы. Болондық үрдістің талаптары, құзыреттілік амалдардың дамуында халықаралық ұйымдардың қызметтік бағыты. <b>Пәннің мақсаты:</b> докторанттарда мектепке	1. Білім берудің құзыреттілік амалының теориялық-әдіснамалық негіздері. 2. Құзыреттілік тұрғыны жүзеге асырудың әдістемелік негіздері ЮНЕСКО-ның құжаттары, Европа	3	1	Жоғары мектеп педагогикасы  Дербес әдістемелік пәндерді оқыту әдістемесі	Педагогикалық практика  Ғылыми зерттеу практикасы  Докторлық	Пәнді оқу нәтижесінде докторант <b>білуі тиіс:</b> құзыреттілік тұрғыда оқытудың теориялық үлгісін жасауды; заманауи тұжырымдамалық бағыттарын; теориялық білімдерін кәсіби іс-әрекетте табысты қолдана алу; теориялық және практикалық даярлықтарының бірлігі мен; білім беру мазмұнын анықтауды; оқу жетістігін бағалаудың жаңа жүйесін жасауды.

		дейінгі білім беру маманының технологиялық құзыреттілігінің теориялық және практикалық білімдер қалыптастыру болып табылады. <b>Пәннің міндеттері:</b> мектепке дейінгі білім беру маманының технологиялық құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасау.	кеңесі.				қдиссертацияны орындау	<b>Меңгеру керек:</b> құзыреттілікті қалыптас-тырудың бағытталушылық міндеттерді шеше білу, оқытудың заманауи зерттеушілік және жобалық технологияларын қолданып, өзінің меңгерген теориялық білім, білік, дағдылары арқылы кез-келген мәселені өз бетінше шешіп, табысты нәтиже көрсетуде басқаларға үлгі болу тәсілдерін. <b>Құзыреттіліктер:</b> мектепке дейінгі маман ретіндегі техно-логиялық құзыреттілік саласындағы ғылыми еңбектерді талдауға және зерделеуге қабілетті; кәсіби құзыреттілік және тұлға-лық жетілу жолдарын белгілеп, даму бағдар-ламасын жасауға қабілетті;
Сын тұрғысынан ойлау педагогикасы	Қазіргі тұлғаның негізгі компоненті ретіндегі сыни ойлаудың мәні мен құрылым жайлы, оны қалыптастырудың тетіктері мен технологиясы жайын дағы білімдер. <b>Пәнді оқытудың мақсаты:</b> докторанттарда сыни ойлау жайлы теориялық және практикалық білімдер қалыптастыру болып табыла-ды. «Сын тұрғысынан ойлау педагогикасы» пәнінің негізгі <b>міндеттері:</b> - докторанттардың сыни ойлаудың әдіснамалық негіздерін ұғынуға көмектесу; - RWCT технологиясын меңгеруге ықпал ету; - білім алушылардың медиақұзырлылықтарын қалыптастыруға жағдай	1 Бөлім. Сыни ойлау қазіргі тұлғаның компоненті ретінде  2 Бөлім. Сыни ойлауды дамытудың психологиялық астарлары  3 Бөлім. Сыни ойлауды дамыту тетіктері	3	1	Жоғары мектеп педагогикасы  Дербес әдістемелік пәндерді оқыту әдістемесі	Педагогикалық практика  Ғылыми зерттеу практикасы  Докторлық диссертацияны орындау	Пәнді оқу нәтижесінде докторант <b>білуі тиіс:</b> сыни ойлаудың философиялық, психология-лық-педагогикалық негіздерін; сыни ойлауды қалыптастырудың теориялық және практикалық ұстанымдарын; <b>Меңгеруі керек:</b> - білімнің әр саласындағы үнемі жаңарып отыратын ақпараттар ағынымен жұмыс жасай алуды; - ақпараттарды кіріктірудің тәсілдерін қолдана алуды; мәселелер шешу мен жауапкершілік алу; әртүрлі идеялар мен көзқарастар, тәжірибелер негізінде өзіндік пікір қалыптастыруды; өз білім алуымен өз бетінше айналыса алуды; <b>Құзыреттіліктер:</b> өз ойын «ауызша және жазбаша) анық, сенімді білдіре білу, басқалардың көзқарастарын есепке ала отырып өз ойын дәлелдей алуға қабілетті; бірлесіп шешім қабылдауға, басқа адамдармен қарым-қатынас түзе білуге, топта ынтымақтаса жұмыс жасай білуге қабілетті.	

		жасау.						
3	Мектепке дейінгі білім беру сапасын басқарудың әдіснамалық негіздері	<p><b>Пәннің негізгі мақсаты:</b> Басқару саласындағы негізгі ұғым, түсініктермен және халықаралық басқару тәжірибесімен таныстыру.</p> <p><b>Пәннің негізгі міндеттері:</b>  -Мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастыру және оны басқару жөнінде білім беріп, ғылыми дүниетанымын қалыптастыру,  - мектепке дейінгі білім беру жүйесін басқаруды дамыту, талдау жасау, құжаттармен жұмыс жасау, оны осы салада білім беру жүйесін басқару үдерісінде қолдануға үйрету;  - мектепке дейінгі педагогикалық білім беру жүйесінде басқару стильдерін, басты функцияларын оқып үйрену</p>	<p><b>1 Тарау</b> Мектепке дейінгі ұйымдағы бақылау жүйесін басқарудың теориялық негіздері</p> <p><b>2. Тарау</b> Бақылау - мектепке дейінгі мекеменің басқару қызметі</p> <p><b>3 Тарау</b> Мектепке дейінгі мекеме педагог қызметін түзету және басқару</p>	3	1	Мектепке дейінгі білім берудің теориялық-әдісналық мәселелері	<p>Педагогикалық практика</p> <p>Ғылыми зерттеу практикасы</p> <p>Докторлық диссертацияны орындау</p>	<p><b>Пәді оқыту нәтижесінде докторант білуі тиіс:</b>  -мектепке дейінгі білім беруді басқаруды дамытудың тиімді тенденцияларын;  <b>Меңгеруі керек</b>  - мектепке дейінгі білімді дамытудың негізгі заңдылықтарын;  <b>Құзыреттіліктер:</b> қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарды басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын білуге қабілетті;</p>
	Мектепке дейінгі балалар дамуындағы заманауи тұжырымдамалар	<p><b>Пәннің мақсаты:</b> мектепке дейінгі балалар дамуындағы заманауи тұжырымдамалармен таныстыру.</p> <p><b>Пәннің міндеттері:</b> мектепке дейінгі ұйымдарда әртүрлі әдістемелік шараларды қолдану арқылы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру; болашақ мамандардың мониторинг нәтижелерін</p>	Кіріспе. Пәннің мақсаты мен міндеттері. Балалар дамуындағы заманауи тұжырымдамалар. Заманауи тұжырымдамалардың ерекшеліктері мен мазмұны	3	1	Мектепке дейінгі білім берудің теориялық-әдісналық мәселелері	<p>Педагогикалық практика</p> <p>Ғылыми зерттеу практикасы</p> <p>Докторлық диссертацияны орындау</p>	<p><b>Пәді оқыту нәтижесінде докторант білуі тиіс:</b>  -мектепке дейінгі балалар дамуындағы ерекшеліктерді;  <b>Меңгеруі керек:</b>  - мектепке дейінгі балалар дамуындағы заманауи тұжырымдамаларды;  <b>Құзыреттіліктер:</b> бала дамуындағы заманауи тұжырымдамаларды іс-жүзінде қолдануға қабілетті.</p>

		практикалық қызметте қолдану қабілетін дамыту						
4	Мектепке дейінгі білім маманның акмеологиялық дайындығының ғылыми-педагогикалық негіздері	<p><b>Пәннің қысқаша мазмұны</b> Интегративті-кешенді ғылым ретіндегі <b>акмеология</b> кәсібиліктің биігіне көтеріліп, өмірде табыстарға жету, шығармашылық әлеуеттің дамуы мен адамның шығармашылық әрекет жағдайында ұзақ болу мәселелерін қарастырады. <b>Маманды акме деңгейге жеткізетін кәсібиліктің баспалдақтарының қызметі және педагогикалық акмеологияның теориялық әдіснамалық негіздері, қолданбалы аспектілері жайлы білімдер қалыптастыру.</b> <b>Пәннің мақсаты:</b> докторанттарды педагогикалық акмеологияның теориялық және практикалық мәселелері жайлы білімдерімен және маманның кәсібиліктің шыңына көтерілу заңдылықтары біліктермен қаруландыру болып табылады. <b>Пәннің міндеттері:</b> акмеологияның теориялық әдіснамалық негіздерін зерделеу; педагогикалық акмеологияның негізгі қолданбалы мәселелерімен</p>	<p>1 Бөлім. Акмеологияның теориялық-әдіснамалық негіздері</p> <p>2 Бөлім. Болашақ маманның акмеологиялық дайындығының психологиялық астарлары</p> <p>3 Бөлім. Болашақ ғылыми-педагогикалық мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру тетіктері</p> <p>4 Бөлім. Болашақ маманның акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың қолданбалы аспектілері</p>	2	1	<p>Жоғары мектеп педагогикасы</p> <p>Жоғары мектеп психологиясы</p> <p>Ғылым философиясы</p>	<p>Білім философиясы</p> <p>Геронтология</p>	<p>Пәнді оқып-үйренген докторант <b>білуі тиіс:</b> педагогикалық акмеологияның пайда болуы, қазіргі жағдайы, ғылым ретіндегі категориялық түсініктерін; болашақ маманның акмеологиялық дайындығын қалыптастырудың теориялық әдіснамалық негіздерін; маманның акмеологиялық дайындығын қалыптастыру әдістері мен технологияларын; педагогикалық акмеология ғылымының даму перспективаларын, прагматикалық қолдану аясын. <b>Меңгеруі керек:</b> қазіргі даму психологиясы мен педагогикасы беталыстарына бағыттала алуды; болашақ маман тұлғасының акме жағдайға жету жолдары мен шарттарын; ЖОО білімдік үрдісінде акмеологиялық отпа түзудің тетіктерін; акме жағдайға жетуге басқаларға көмек көрсету тәсілдерін; <b>Құзыреттіліктер:</b> педагогикалық акмеология саласындағы ғылыми еңбектерді талдау және зерделеуді; өзінің кәсіби және тұлғалық жетілу жолдарын белгілеп, даму бағдарламасын жасауды;</p>

		танысу; болашақ маманның акмеологиялық дайындығын қамтамасыз ететін акмеологиялық техникалар мен технологиялармен танысу.						
Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың антропологиялық негіздері	Педагогикалық антропология - бала туралы барлық білімдердің жиынтығы. Бала мұнда Homo sapiens-тің толыққанды өкілі және тәрбие процесінің толыққанды мүшесі ретінде қарастырылады. <b>Пәннің мақсаты:</b> Мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың антропологиялық негіздері мен оқыту жүйесіндегі артықшылықтары мен өзектілігін дәлелдеу. <b>Пәннің міндеттері:</b> Антропологияның теориялық әдіснамалық негіздерін зерделеу; педагогикалық антропологияның негізгі қолданбалы мәселелерімен танысу;	Педагогикалық антропологияның объектісі адам мен адамның қарым-қатынасы болып табылады. Педагогикалық антропология адам жайлы түсінік береді және баланың адекваттық табиғи тәрбиесін байланыстырады.	2	1	Жоғары мектеп педагогикасы  Жоғары мектеп психологиясы  Ғылым философиясы	Білім философиясы  Геронтология	Пәнді оқып-үйренген докторант <b>білуі тиіс:</b> - Антропологиялық білімді теориялық тұрғыдан негіздеуді; <b>Меңгеру керек:</b> тәрбиелеу процесі мен оқыту жүйесіндегі артықшылықтары мен өзектілігін дәлелдеуді. <b>Құзыреттіліктер:</b> антропологиялық білімнің идеяларын, әдістері мен тәсілдерін тәрбие және білім беру практикасында қолдана білуге қабілетті.	

Кафедрасының меңгерушісі/ Зав.кафедрой

\_\_\_\_\_ Р.К. Бекмагамбетова